

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ СЕНАТОРЛАР КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫНЫҢ

## № 2 ХАТТАМАСЫ

2020 жылғы 7 ақпан

**Төрағалық етуші:** Д. Н. НАЗАРБАЕВА

**Қатысқандар:**

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының жанындағы  
Сенаторлар кеңесінің мүшелері:

Т.Ж. Абайділдин, Н.Ә.Әбіқаев, И.А. Адырбеков, Б.С. Әйтимова,  
С.Б. Ақылбай, М.Қ. Алтынбаев, Р.С. Ахметов, Ө. Байгелді, А.А. Башмаков,  
С.Ш. Бектұрғанов, В.Я. Бобров, Х.Х. Валиев, С.Р. Джақсыбеков,  
С.Ж. Жалмағамбетова, С.Қ. Еңсегенов, Ж.Е. Ерғалиев, С.М. Ершов,  
С.М. Жалыбин, Е.Ж. Жұмабаев, Б.Т. Жұмағұлов, Ғ.Е. Қасымов, Л.К. Киинов,  
Г.В. Ким, М.Ж. Көпеев, А.С. Күзекөв, Д.Р. Құсдәулетов, Н.Н. Қылышбаев,  
Е.Қ. Мамытбеков, Т.Т. Мұқашев, С.В. Плотников, В.Н. Редкокашин,  
Е.Н. Сағындықов, Е.Х. Сұлтанов, Қ.С. Сұлтанов, Б.С. Тұтқұшев, Ю.А. Цхай.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппаратының жетекшісі:  
С.С. Сыдықов

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппараты құрылымдық  
бөлімдерінің меңгерушілері:

Э.Т. Жүргенбаева, Ж.К. Сұлтанқұлова.

### **1. «Ұлттық Экспорттық Стратегия» бағдарламасы бойынша**

*(Д.Н. Назарбаева, Б.С. Әйтимова, Т.Ж. Абайділдин, Ө. Байгелді,  
Р.С. Ахметов, В.Я. Бобров, Б.С. Тұтқұшев, Ю.А. Цхай, И.А. Адырбеков,  
С.М. Жалыбин, Ғ.Е. Қасымов, С.Р. Джақсыбеков, М.Ж. Көпеев,  
Қ.С. Сұлтанов, С.Қ. Еңсегенов, С.В. Плотников)*

#### **1.1. Қаржы және бюджет комитеті:**

1.1.1. Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Ауыл шаруашылығы,  
Ұлттық экономика және Қаржы министрліктерімен бірлесіп **шикізат құнын  
субсидиялау, қосылған құн салығын қайтару және (немесе) төмендету  
мәселелері** бойынша ұсыныстарды, сондай-ақ айналым қаражатын арттыру

үшін қазақстандық кәсіпорындарды қаржыландыруға жәрдемдесу мүмкіндігін пысықтасын және енгізісін.

1.1.2. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен және «Атамекен» ҰКП-пен бірлесіп қазақстандық тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді экспорттың бірегей орталығы түрінде экспортқа ілгерілету мәселелерімен айналысатын, «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін құрылымдарды орталықтандырудың орындылығын қарастырсын.

## **1.2. Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті:**

1.2.1. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен бірлесіп:

- «Ұлттық экспорттық стратегия» бағдарламасы бойынша міндеттер мен ресурстарды қайта бөлу туралы зерделесін және ұсыныстар енгізісін, бағдарламада Қазақстан Республикасы экспортының шикізаттық емес тауарының үлесін есептеу **жүйелерін өзгерту**, сондай-ақ экспорттық (экономикалық) бағдарламалар қабылдау кезінде тәуелсіз сараптама жүргізу мүмкіндігін де қарасын;

- өңделген тауарларды өндірушілер үшін өндірістік қуаттылығын және технологиялық мүмкіндіктерін ескере отырып, серификаттау жүйесін **әзірлеу және оған өзгерістер ендіру мәселесін қарастырсын**;

- олардың көмегімен өнімдер дайындалатын негізгі құралдарды **өндіру саласын дамыту мәселесін зерделесін**.

1.2.2. Сыртқы істер, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктерімен бірлесіп әлеуетті экспорттық мүддесі бар елдердің талабы бойынша олардың нормативтік құжаттарына, Қазақстан Республикасынан экспортталатын өнімдерге қойылатын талаптарға елдер бойынша талдауды енгізу жөніндегі ұсыныстарды зерделесін және енгізісін.

## **1.3. Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетімен бірге:**

1.3.1. Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция, сыртқы істер министрліктерімен бірлесіп экспорт және инвестицияларды тарту саласындағы, оның ішінде қазақстандық өнім өндірушілердің тауарларын ұсынатын тұрақты сауда алаңдары ретінде елшіліктердің аумақтарын пайдалануға қатысты Қазақстан Республикасы **елшіліктерінің жұмыстарын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды зерделесін және енгізісін**.

1.3.2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция, Сыртқы істер министрліктерімен және «KAZAKH INVEST» ҰК» АҚ-мен бірлесіп:

- ЕАЭК шеңберінде кейіннен нарықтағы **кедергілерді жою жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау үшін қазақстандық экспорттаушылар үшін кедергілердің проблемаларына қайта талдау жасасын**;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің барлық дереккөздерімен, өзгерістерімен, преференцияларымен және т.б. экспорттың жеке және жалпы бағыттары бойынша «Ақ Кітап» **жасаудың орнықтылығын қарастырсын**.

#### **1.4. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті:**

1.4.1. Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп:

- ауыл шаруашылығы саласындағы экспорт үшін халықаралық талаптарға сәйкес келетін **жаңа стандарттарды енгізу бойынша ұсыныстарды зерделесін және тұжырымдасын;**

- мал шаруашылығы өнімдеріне деген халықтың ішкі сұранысын бірінші кезекте қанағаттандыру **мәселелерін зерделесін;**

- Қазақстан Республикасының тоқыма фабрикаларында мақта шикізатын қайта өңдеудің **түйінді мәселелерін және оны заңнамалық қолдау мүмкіндіктерін зерделесін.**

**1.5. Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті** Ауыл шаруашылығы, Мәдениет және спорт министрліктерімен бірлесіп, Қаратау және Алатау тауларының аумақтарында «Қазақстан – алма отаны» бренді аясында **эко- және этно- туризмді дамыту және «Алматы апорты» халықаралық брендин жасау мәселелерін зерделесін.**

## **2. Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының конституциялық өкілеттіктерін іске асыру мәселелері**

*(Д.Н. Назарбаева, Д.Р. Құсдаулетов, Қ.С. Сұлтанов, Е.Ж. Жұмабаев, С.Б. Ақылбай, Р.С. Ахметов, Ф.Е. Қасымов, Ө. Бәйгелді, Г.В. Ким)*

2.1. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының тұрақты комитеттері мынадай ұсынымдарды **(жинақтайтын – Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті)** қарастырсын:

2.1.1. Тексерулердің нәтижелерін Парламент Палаталарының отырыстарында жариялай отырып, азаматтардың әрбір хаты мен шағымы бойынша тексеру жүргізу жөнінде **депутаттық бірлестіктерге** министрліктер мен ведомстволардың басшыларына қатысты депутаттық тексеруге дейін **шынайы өкілеттік беру мәселесін зерделесін.**

2.1.2. **Үкімет мүшелерінің қыметтерін бағалау бойынша депутаттарға өкілеттіктер беру және оны тұтастай Үкіметтің жұмысын жыл сайынғы бағалаудың негізгі индикаторы ретінде пайдалану мәселесін қарастырсын.**

2.1.3. Парламент Мәжілісі мен Сенатының отырыстарында парламенттік ден қою шараларын қабылдай отырып, жыл сайынғы есептерді тыңдау нысанында әлеуметтік-экономикалық бағыттар бойынша **Үкіметтің мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруын бақылаудағы Парламент Палаталарының рөлін күшейту мәселесін зерделесін.**

2.2.4. Депутаттарға **Үкіметтің құрамына баламалы негізде кандидатураларды бекіту және олардың Парламенттің алдындағы жауапкершілігін айқындау құқығын беру мәселесін қарастырсын.**

2.1.5. **Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін және осы саладағы құрылымдық өзгерістердің орындылығын бағалау мақсатында мемлекеттік органдарға аудит жүргізу, оның ішінде Парламент Палаталарының тұрақты комитеттерінің қатысуымен жүргізу қажеттігі туралы мәселені зерделесін.**

2.1.6. **Орталық және жергілікті деңгейлердегі бақылаушы органдардың өзара және екі жақты бақылау жүргізуі және ол бойынша есепті Парламент Палаталарының отырыстарында тыңдау туралы мәселені зерделесін.**

2.1.7. **Сенат депутаттарына Мәжілістің қарауында болатын заң жобалары бойынша өз ұсыныстарын ресми жолдау құқығын беру мәселесін зерделесін.**

2.1.8. **Депутаттық сауал субъектілері тізбесіне өңірлердің басшыларын қосу бойынша ұсынысты зерделесін.**

2.1.9. **Мемлекеттік шығыстарды қысқартуды немесе ұлғайтуды көздейтін заң жобаларын енгізуге депутаттар бастама жасаған жағдайда Үкіметтің оң қорытындысы болуы міндеттілігін алып тастау мәселесін зерделесін (Конституцияның 61-бабының 6-тармағы).**

2.1.10. **«Мүдделік қолдау туралы» Заңды қабылдау қажеттілігі туралы мәселені зерттесін.**

2.1.11. **«Қазақстан Республикасы Парламентінің жанынан парламентаризм институтын» құру процесін зерттесін.**

2.1.12. **Депутаттың Парламенттегі және өңірдегі қызметін қамтамасыз ету мақсатында Парламент депутаты көмекшілерінің штаттық санын (екіге дейін) ұлғайту жөніндегі ұсынысты зерттесін.**

2.1.13. **Лауазымды адамдардың депутаттық сауалдарды сапасыз қарағаны үшін жауапкершілігі жөніндегі мәселені пысықтасын.**

2.1.14. **Халықтың өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға беруі конституциялық нормасын заңнамалық тұрғыдан реттеудің дұрыстығы мәселесін зерттесін (Конституцияның 3-бабы 2-тармағы).**

2.1.15. **Өтініш білдірген субъектілердің ауқымын шектей отырып, заңдарды түсіндіру туралы нормативтік құқықтық актіні қабылдау жөніндегі мәселені зерттесін.**

2.1.16. **Статистика туралы заңнаманы жетілдіру қажеттілігі туралы мәселені зерттесін.**

**Қазақстан Республикасы Парламенті  
Сенатының Төрағасы**

**Д. НАЗАРБАЕВА**